

## **Қазақстан Республикасы қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 244 қаулысы.

Қазақстан Республикасы қорғаныс-өнеркәсіп кешенін басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan engineering) ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен құрылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып белгіленсін:

1) қорғаныстық, екі ұдай әрі азаматтық мақсаттағы өнімдерді жасау, өндіру, сату және жою саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) ішкі қажеттілік пен экспортты қамтамасыз ету үшін қорғаныстық және екі ұдай мақсаттағы өнімдер өндіру мен дамытудың ағымдағы және ұзақ мерзімді салааралық бағдарламаларын әзірлеу әрі іске асыруға қатысу;

3) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері және басқа да әскери құрамаларына арналған екі ұдай мақсаттағы қару-жарақ, әскери техника мен өнімдер импортын, сондай-ақ олардың экспортын қамтамасыз ету;

4) конверсиялық бағдарламалар мен қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

5) мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындауға қатысу;

6) жұмылдыру қуаттары және резервтерін құру, жинақтау әрі сақтау жөніндегі жоспарлар мен тапсырмаларды қалыптастыру және іске асыруға қатысу;

7) қорғаныс-өнеркәсіп кешенін ғылыми-техникалық және технологиялық дамыту, соның ішінде өндірісті кеңейту, қайта жаңарту әрі техникалық қайта жарактандыру жөніндегі бағдарламаларды іске асыру;

8) ғылымды қажетсінетін өнімдер жасау жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу.

3. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының "Мұнаймаш" ашық акционерлік қоғамы жарғылық капиталының 90 пайызы мөлшеріндегі акцияларын мемлекеттік меншікке беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) 1-қосымшаға сәйкес (қызмет бабында пайдалану үшін) акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін және "520-объект" (Солтүстік Қазақстан облысы) мемлекеттік мүлкін беру жолымен Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастырсын;

2) Қоғамның жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) Қоғам акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану құқықтарының Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне берілуін;

4) осы қаулы 4-тармағының 2) тармақшасы орындалғаннан кейін заңнамада белгіленген тәртіппен "Металлист" Орал зауыты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакеті Қоғамға сенімгерлік басқаруға берілуін қамтамасыз етсін;

5) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

5. <\*>

**Ескерту. 5-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.03.10. N 295 қаулысымен .**

6. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне бұрын қабылданған құқықтық кесімдерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстарды енгізсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

7. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2003 жылғы 13 наурыздағы  
N 244 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. <\*>

**Ескерту. 1-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.01.29. N 97 қаулысымен .**

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен серіктестіктердің тізбесіне:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-47-жолмен толықтырылсын:

"21-47 "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan engineering) ұлттық компаниясы" ААҚ";

"Алматы қаласы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 83 және "123-8 АЛА - 000283 "N 405 Авиа жөндеу зауыты" ААҚ деген жол алынып тасталсын;

"Ақтөбе облысы" деген бөлімде реттік нөмірі 133-1-жол алынып тасталсын;

"Атырау облысы" деген бөлімде реттік нөмірі 136-жол алынып тасталсын;

"Шығыс Қазақстан облысы" деген бөлімде реттік нөмірі 163-жол алынып тасталсын;

;

"Батыс Қазақстан облысы" деген бөлімде реттік нөмірлері 187, 188, 189 және 190-жолдар алынып тасталсын;

"Солтүстік Қазақстан облысы" деген бөлімде реттік нөмірлері 266, 267, 269, 270 және 271-жолдар алынып тасталсын.

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

Акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтары салалық министрліктер мен өзге де мемлекеттік органдарға берілетін және республикалық меншіктегі ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесіне:

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне" деген бөлімде реттік нөмірі 129-жол алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне" деген бөлімде: реттік нөмірі 236-3-жол алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 236-15-жолмен толықтырылсын:

"236-15 "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan engineering) ұлттық компаниясы" ААҚ";

"Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитетіне" деген бөлім және реттік нөмірлері 237-2, 237-13-жолдар алынып тасталсын.

4. "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 43, 513-құжат):

көрсетілген қаулыға "2006 жылға дейін акцияларының мемлекеттік пакеті жекешелендіруге, оның ішінде жекешелендірудің алдын ала сатыларына жатпайтын акционерлік қоғамдардың тізбесі" деген 2-қосымшада:

реттік нөмірлері 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 32, 33 және 34-жолдар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 44-жолмен толықтырылсын:

"44. "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan engineering) ұлттық компаниясы" ААҚ" (Астана қаласы) 100 %".

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 602 қаулысымен.

6. <\*>

Ескерту. 6-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.26. N 1237 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК